

## Халықаралық конкурс өткізу мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 наурыздағы N 199

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 13 қаңтардағы нұсқауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурс өткізілсін.

2. Халықаралық конкурс өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіру мақсатында мына құрамда конкурстық комиссия құрылсын:

Жақсыбеков Ә.Р. - Ақмола қаласының әкімі, Ақмола  
АЭА-ның әкімшілік кеңесінің  
төрағасы, комиссияның төрағасы

Досмағамбетов Б.Ф. - Қазақстан Республикасы Сәулетшілер  
одағы төралқасының мүшесі,  
комиссия төрағасының орынбасары,  
Комиссия хатшылығының жетекшісі

Комиссия мүшелері:

Уәйісов М.К. - Қазақстан Республикасының  
Әділет вице-министрі

Міржақыпов Е.Е. - Қазақстан Республикасының Көлік  
және коммуникациялар вице-министрі

Власов Н.А. - Қазақстан Республикасы Ішкі  
істер министрінің орынбасары

Руденко Ю.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі бас басқармасының  
бастығы

Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары

Смирнов А.В. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Орталық аппаратының және шетелдегі мекемелердің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаментінің директоры

Нұрпейісов Б.Ғ. - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқарушысының орынбасары (келісім бойынша)

Гурский А.С. - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Бұқаралық ақпарат құралдары департаментінің директоры

### 3. Мыналар:

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурстың әділқазы алқасының жеке құрамы 1-қосымшаға сәйкес;

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурс өткізу жөніндегі негізгі ережелер 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

#### 4 . К о м и с с и я :

конкурс өткізілетін уақытқа тұрақты жұмыс істейтін, 7 адамнан тұратын Хатшылық құрсын. Хатшылықты ұстауға кететін шығыстарды конкурсты өткізу сметасына е н г і з с і н ;

1998 жылдың 15 наурызына дейін мерзімде халықаралық конкурсты дайындау мен өткізудің жұмыс жоспарын, оны өткізудің бағдарламасы мен шарттарын бекітсін;

1998 жылдың 25 наурызына дейін мерзімде Ақмола қаласының әкіміне халықаралық конкурсты дайындау мен өткізуге арналған шығыстар сметасын бекітуге ұ с ы н с ы н .

5. Халықаралық конкурсты өткізуге арналған шығыстар "1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 қаулысымен бекітілген 1998 жылы республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылатын Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілері тізбесінің реттік нөмірі 10-жол бойынша көзделген қ а р а ж а т т а н ж ұ м с а л с ы н .

6. Ақмола қаласының әкімі бір апта мерзім ішінде Конкурстың

хатшылығын көлемі кемінде 100 шаршы м. жиһазбен, қажетті компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен, сондай-ақ үкіметтік, қалааралық және халықаралық байланыс құралдарымен жабдықталған үй-жайлармен қамтамасыз етсін.

7. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары Комиссияға өзіне жүктелген міндеттерін орындауы кезінде қажетті көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 11 наурыздағы  
N 199 Қаулысына  
1-қосымша

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас  
жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурстың  
ӘДІЛҚАЗЫ АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Тәтіғұлов А.Ш. - "КАЗГОР" жобалау академиясының  
президенті, әділқазылар алқасының  
төрағасы

Ғалимов Ф.Х. - Ақмола қаласының әкімінің бірінші  
орынбасары, төрағаның орынбасары

Әділқазылар алқасының мүшелері:

Ералиев Т.Е. - Ақмола қаласының Сәулет және  
қала құрылысы департаментінің бастығы

Бекмұхамбетов С.Қ. - Қазақстан Республикасы Энергетика,  
индустрия және сауда министрлігінің  
бас басқармасының бастығы

Сейдалиев Р.А. - Қазақстан Республикасының еңбек  
сіңірген сәулетшісі, КСРО Көркемөнер  
академиясының мүше-корреспонденті

Қойшыбеков Н.К. - сәулетші, Қазақ КСР-і Ленин  
комсомолы сыйлығының лауреаты

Баймағамбетов С.Қ. - Қазақстан Республикасы Сәулетшілер

одағы Төралқасының мүшесі, Алматы  
қаласының бас сәулетшісі

Мордвинцев С.И. - Қазақстан Республикасының еңбек  
сіңірген сәулетшісі

Әділқазы алқасының - - Комиссияның шешімі бойынша  
мүшелері, шет шақырылады  
мемлекеттердің өкілдері  
3 адамға дейін

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 11 наурыздағы  
N 199 Қаулысына  
2-қосымша

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың  
бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық  
конкурсты өткізу жөніндегі  
НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жалпы ережелер

Осы Негізгі ережелер Комиссия Ақмола қаласының жаңа орталығын  
дамытудың бас жоспарының нобай-идеясына халықаралық конкурс  
өткізудің шарттарын әзірлеген және бекіткен кезде міндетті болып  
табылады.

Конкурстың мақсаты

Қатысушылар ұсынған материалдардың негізінде ұлттық,  
табиғи-климаттық, экологиялық және орналасудың басқа да шарттарына  
барынша жауап беретін Қазақстан Республикасының астанасы - Ақмола  
қаласының жаңа орталығының құрылысын таңдап алу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар

Конкурсқа мынадай негізгі талаптарға жауап беретін:

- қала салу құжаттамасын әзірлеу тұрғысынан сәулет-қала салу  
қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар;

- соңғы 5 жылда қаланы реттеу құжаттамасын толық көлемінде әзірлеу жағынан, оның ішінде экология, дренаж және басқа да мәселелерді қоса алғанда, қаланың ірі аудандары құрылысын көлікпен және инженерлік қамтамасыз ету мәселелерін шешу тәжірибесі бар;
- жобалау мен ақпарат берудің электрондық құралдары бар отандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалар қатыса алады.

Конкурсқа қатысушыларға конкурстық ұсынымдарды әзірлеу үшін берілетін материалдардың құрамы

1. Конкурстың бағдарламасы
2. Конкурстың шарттары
3. Түсіндірме жазба

4. Қаланың бас жоспарының негізгі көлік магистральдары мен қала көшелерінің кестесі түсірілген және қаланың негізгі жұмыс істейтін аймақтары көрсетілген 1:25000 масштабты схемасы. Аталған схемада конкурсқа қатысушылар қала құрылысын салатын аумақтың учаскесі бөліп көрсетіледі.

Қатысушылар конкурсқа беретін материалдардың құрамы

1. 1:25000 масштабтағы ситуациялық схема.
2. Қаланың жаңа орталығының негізгі қала магистральдарымен үйлестірілген 1:10000 масштабты бас жоспары.
3. Қаланың жаңа орталығының егжей-тегжейлі жоспарлануының 1:2000 масштабтағы жобасы.
4. Қаланың жаңа орталығының 1:2000 масштабта жасалған макетінен жасалған, толық көлемдік-кеңістіктік шешімді көрсететін 30 да 40 сантиметр мөлшеріндегі түрлі-түсті фотосуреттер жинағы.
5. Авторларының ой-ниетін түсіндіретін егжей-тегжейлі түсіндірме жазба.

Конкурстық материалдарды беру нысаны

1. Материалдар оларды жеңіп шықпаған қатысушыларға қайта жөнелту үшін қайта пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы контейнерде берілуге тиіс.

2. Конкурс материалдары түрлі-түсті графикада орындалып, көлемі 1 метрге 1 метр, көбіктіполиуретан планшеттерде беріледі. Аталған материалдар электронды жеткізгіштерге көшіріліп, негізгі материалдармен бірге беріледі.

### Конкурсты өткізу мерзімдері

#### Дайындық кезеңі:

1. Халықаралық конкурс жарияланғаны туралы - 1998 жылдың 30  
баспасөзде және ИНТЕРНЕТ-ті қоса алғанда, наурызы  
басқа да ақпарат құралдарында ресми  
хабарлау
2. Конкурсқа қарымды қатысушылардан өтінім - 1998 жылдың  
қабылдаудың аяқталуы және оларды 30 сәуірі  
алдын-ала тіркеу
3. Өтінімдердің конкурс шарттарына сәйкес - 1998 жылдың  
келуіне сараптама жүргізу және 10 мамыры  
комиссияның конкурс қатысушыларын  
түпкілікті іріктеу мен оларды тіркеуі
4. Тіркелген конкурс қатысушыларына - 1998 жылдың  
материалдарды экспресс-почта және 20 мамыры  
дипломатиялық арналар арқылы жөнелту

#### Конкурсты өткізу және оны қорытындылау

1. Материалдарды Конкурс хатшылығына - 1998 жылдың  
ұсыну мерзімі 20 тамызы
2. Ұсынылған материалдардың конкурс - 1998 жылдың  
шарттарына сәйкес келуіне техникалық 30 тамызы  
сараптама жүргізу
3. Сараптық кеңестің конкурстың әділқазылар - 1998 жылдың  
алқасына баяндамалар әзірлеуі 15 қыркүйегі
4. Конкурсқа ұсынылған материалдарды - 1998 жылдың  
қоғамдық талқыға салу 20 қыркүйегі
5. Конкурстың әділқазылар алқасының отырысы - 1998 жылдың

25 қыркүйегі

6. Конкурстың әділқазылар алқасының конкурс материалдарын қарауының және ең жақсы үш жобаны анықтауы нәтижелері бойынша комиссия мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндама әзірлеу - 1998 жылдың 28 қыркүйегі
7. Әділқазылар алқасы баяндамасының Қазақстан Республикасының Үкіметінде қаралуы және жеңімпазды белгілеу - 1998 жылдың 30 қыркүйегі
8. Қазақстан Республикасы Президентінің конкурс лауреаттарына сыйлық тапсыруы Президентінің Әкімшілігімен келісілген мерзім бойынша - Қазақстан Республикасы